

Жер салығының базалық ставкасын жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 15-60 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 16 қаңтарда N 2278 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 45-184

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының
2 4 . 0 4 . 2 0 1 5 № 4 5 - 1 8 4 .
Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы, 1-тармағының, 15-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген, автотұраққа (паркинг), автомобильге май құю станциялары мен казиноға бөлініп берілген (арналған) жерлерді қоспағанда, төмендегі көрсетілген жер категорияларына, жер салығының базалық ставкасы 50 процентке жоғарылатылсын:

- 1) ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлерге.
- 2) жеке тұлғаларға берілген, ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлерге.
- 3) елді мекендегі жерлерге (үй жанындағы жер телімін қоспағанда).
- 4) елді мекеннен тыс орналасқан, өнеркәсіп жерлеріне.

2. Қаратал ауданы мәслихатының 2010 жылғы 19 қазанындағы № 40-193 "2011 жылға жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 24 қарашасындағы 2-12-163 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 03 желтоқсандағы аудандық "Қаратал" газетінің 50 (7106) нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жо й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, көлік және байланыс, жерді пайдалану, табиғатты қорғау және табиғи

ресурстарды тиімді пайдалану туралы тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органынан мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Игенбаев

Мәслихат хатшысы

Б. Смаилов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а р а т а л а у д а н ы б о й ы н ш а

салық басқармасының бастығы

Алтынхан Кемалшаұлы Нұрланов

24 желтоқсан 2012 жыл